

¹Майшекина Э.С., ²Толысбаева А.Д.

¹Alikhan Bokeikhan University

²КеАҚ «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»

Қазақстан, Семей

e-mail: eldana_18@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҚАБИЛЕР СОТЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ

Аннотация

Мақалада алқабилер сотының қалыптасуының қысқаша тарихы шолу жасалынған сонымен қатар, алқабилер сотының түрлеріне сипаттама берілген. Тақырыптың өзектілігі сот жүйесінің биліктің үш тармағын теңестірудегі орнымен сонымен қатар, азаматтық қоғамның алқабилерді соттың ашықтығы мен демократиялығының көрінісі ретінде қабылдауынмен айқындалады.

Зерттеудің мақсаты-адамдар құқығын қорғауда Қазақстанда қалыптасқан алқабилер жүйесінің тиімділігін талдау.

Мақаланың ғылыми маңыздылығы алқабилер сотының қазақстандық моделін қалыптасуының тәжірибесің сыни тұрғыдан талдауда, оның тиімділігін арттыру жолдарын қарастыруда.

Авторлар салыстырмалы тарихи, статистикалық және арнайы құқықтық зерттеу әдістерін қолданды.

Зерттеу нәтижелері қазақстандағы алқабилер сотының төмен тиімділігі себептері туралы қысқаша қорытынды келтірілген.

Зерттеудің маңызы мәселені шешу жолдарын іздестіруде және мемлекеттік тілдегі осындай еңбектердің жетіспеушілігін толықтыруда.

Авторлардың алқабилер сотының тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыстары заң шығару жұмысы үшін де, кәсіби заңгерлерді даярлауда да практикалық маңызы бар деуге болады.

Түйінді сөздер: алқабилер, алқабилер сотының классикалық және аралас моделі

¹Майшекина Э.С., ²Толысбаева А.Д.

¹Alikhan Bokeikhan University

²НАО «Университет им. Шакарима города Семей»

Қазақстан, Семей

e-mail: eldana_18@mail.ru

Суд присяжных в Казахстане и мировой опыт

Аннотация

В статье приводится краткая история становления суда присяжных, дается описание различных типов судов присяжных. Актуальность темы определяется местом судебной системы в уравнивании трех ветвей власти, а также в восприятии гражданским обществом суда присяжных как проявление его открытости и демократичности.

Целью исследования является анализ эффективности сложившейся в Казахстане системы суда присяжных в делах защиты прав и свобод населения.

Научная значимость статьи состоит в критическом анализе казахстанской модели суда присяжных, десятилетнего опыта его становления, а также поиске решения проблемы повышения его эффективности.

Авторы использовали сравнительно-исторический, статистический и специальные правовые методы исследования.

Результаты исследования приводятся в кратком выводе о причинах низкой эффективности деятельности суда присяжных в Казахстане.

Ценность данного исследования заключается в расширении круга работ на государственном языке и в попытках поиска путей решения данной проблемы.

Рекомендации авторов заключаются в повышении эффективности работы суда присяжных и имеют практическое значение как для законотворческой работы так и в подготовке профессиональных юристов.

Ключевые слова: присяжный заседатель, классическая и смешанная модели судов присяжных.

¹Maishekina E.S., ²Tolysbaeva A.D.

¹Alikhan Bokeikhan University

²NAO Shakarim University of Semey,
Kazakhstan, Semey

e-mail: eldana_18@mail.ru

Jury trial in Kazakhstan and world experience

Annotation

The article provides a brief history of the formation of the jury trial, provides a description of the various types of jury trials. The relevance of the topic is determined by the place of the judicial system in balancing the three branches of government, as well as in the perception by civil society of the jury trial as a manifestation of its openness and democracy.

The aim of the study is to analyze the effectiveness of the jury system that has developed in Kazakhstan in protecting the rights of people.

The scientific significance of the article lies in the critical analysis of the Kazakhstani model of the jury trial, the ten-year experience of its formation, the search for a solution to the problem of increasing its efficiency.

The authors used comparative historical, statistical and special legal research methods.

The results of the study are given in a brief conclusion about the reasons for the low efficiency of jury trials in Kazakhstan.

The value of this study in expanding the range of such works in the state language and attempts to find ways to solve the problem.

The recommendations of the authors to improve the efficiency of the jury trial are of practical importance both for legislative work and in the training of professional lawyers.

Keywords: juror, classical and mixed models of jury trials.

Кіріспе

Дүниежүзілік жаһандану үрдістерге байланысты бірыңғай қатынастарды реттейтін ұқсас заңдар қабылданды. Заңдардың ұқсастығы олардың қолдану сондай-ақ, ұқсас құқықтық институттардың біркелкілігін талап етуде. Осындай институттардың бірі алқабилер соты болып отыр.

Сот төрелігін жүзеге асыруда бұл демократия институты Қазақстан үшін жаңа болғандықтан, оның шығу тегін білу. Сот жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстанда үлгі ретінде негізге алынған сотының моделін және процессуалдық заңдарды басқа елдермен салыстырмалы түрде талдау жасауды қажет етіп отыр. Алқабилер соттың тиімді деңгейін қарастырған бірқатар қазақстандық заңгер-ғалымдардың еңбектері де бар. Бірақ, олардың басым көбі орыс тілінде жазылған («Судопроизводство с участием присяжных заседателей», Г.Нам. Судопроизводство с участием присяжных заседателей и перспективы его введения в Республике Казахстан. Материалы круглого стола/Под общей редакцией канд.

юрид. наук Д.И. Нурумова. - Алматы: 2005., т.б.), сондықтан, мемлекеттік тілде оқитын болашақ заңгерлерге тақырыпты жетік меңгеруде қиындықтар туындайды.

Алқабилер сотының демократиялық институттың бірі ретінде-мемлекеттік жүйедегі маңызды рөл атқаруына байланысты. Екіншіден, осы тақырыпқа қатысты қазақ тілінде әдебиеттердің тапшылығынан тақырыптың өзектілігі туындайды

Зерттеу объектісі ретінде қазақстандық алқабилер сот практикасы табылады, нақты – алқабилер сотын кең қолданудың болған қазақстандық заңнамадағы қарама-қайшылықтардан туындайтын кедергілер.

Зерттеу мақсаты: Қазақстандық алқабилер сотының әлемдік тәжірибемен салыстыра отырып, даму деңгейін және кемшіліктерін айқындау және жетілдіру жолдарын қарастыру. Қойылған зерттеу мақсатынан келесі міндеттер туындайды:

-Алқа билер соттарының әлемдік тәжірибесіндегі Қазақстан үшін ең тиімдісін таңдау;

-Қазақстандық алқа билер соттының оңжылдық практикасын талдай отырып, әлемдік тәжірибемен салыстыра отырып тиімді деңгейін айқындау;

-Қазақстанда алқа билер сотының деңгейін жетілдіру жолдарын қарастыру. Алқабилер соттарының түрлерін талдауда салыстырмалы тарихи жолда қарастарылған, ал Қазақстанда соттың аталған формасының іске асырылуында статистикалық және арнайы құқықтық зерттеу әдістерін қолданылды.

Негізгі бөлім

Қазылар алқасы (үлкен жюри) 12 ғасырдың ортасында Англияда пайда болды және король Генрих II есімімен байланысты. Англосаксондық (классикалық) жүйеде алқабилер мүшелері мен сот төрешілері автономды болады. Кейіннен бұл сот Англиядан алғашқы эмигранттармен бірге американдық колонияларға тарайды.

Алғашқы ресми алқабилер соты Массачусетс штатында құрылды, 1683 жылға қарай әр колонияда түрлі үлкен алқабилері (grand jury) болды. [1,31 б.] Америка Құрама Штаттарында алқабилер сотының бірыңғай моделі жоқ. Елу штаттың соттары мен федералдық соттар әр түрлі жұмыс істейді. Айырмашылықтар қылмыстық және азаматтық істерге қатысатын алқабилердің санында, істі алқабилер сотының қарауына жату немесе жатпайтындығын анықтауда, әділқазылар мүшелерін таңдау ережелерінде және судья оларға берген нұсқауларда әр түрлі болады. АҚШ-тың алқабилер жүйесінің құрайтын негізгі ұқсастықтар идеялар мен құқықтық кепілдіктерде. [2, 11-126б.]

Мысалы, Пенсильванияда штаттың 234-титулына сәйкес, мемлекеттік атторней (прокурор) айыптау актісіне қол қойған кейін, айыпталушы сотқа тартылады. Алқабилердің міндеті-сотталушыны «кінәлі» деп тану үшін келтірілген дәлелдер жеткіліктігін немесе жеткіліксіздігін анықтау қажет. Егер қазылар алқасы айыпталушыны «кінәлі» деп таныса онда, кәсіби судья ол үшін нақты жаза мөлшері мен түрін анықтайды. Сондықтан, кейде алқабилер мүшелерін факт түріндегі

судьялар, ал төрағалық етушілер «заң судьялары» деп аталады.

Соттың бұл формасы әлемде үлкен беделге ие болды, себебі, демократиялық қоғамның айқын көрінісі- әділеттілік сезімнің (sens of justice) және қоғамдық құқықтық сананы қалыптастыру факторы ретінде. Сондықтан, алқабилер соты белгілі бір өзгерістермен Ресейде (1993), Испанияда (1995) қайта жанданды.. [3, 110-122 бб.]

Бастапқыда, Францияда, Англияда сияқты, қазылар алқасы тәуелсіз топ құрылып онда тек кінәлау немесе ақтау туралы мәселе шешілді. 1942 жылы Франция сот ережесін өзгерткен болатын. Одан бері қазылар алқасы кәсіби судьялармен бірге кеңесу бөлмесінде шешім қабылдайды. 1958 жылы заман талаптарына сай өзгертулер мен толықтырулар енгізілген жаңа француз қылмыстық іс жүргізу кодексі қабылданды, ол бүгінгі күнге дейін іске асып келеді. [4]

Магистрат немесе уәкілетті лауазымды тұлға қылмыс жасаған адамға қарсы іс қозғайды. Француз қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес, тергеу судьясы адам жасаған қылмыстың ауырлығына байланысты істі алқабилердің құзыретіне жататынын не жатпауын анықтайды. Қазылар алқасы- Францияның әр департаментінде және Парижде құрылған мамандандырылған сот құрамына кірген. [5, 214 б.] Қазылар алқасы тоғыз мүшеден тұрады. Айыпталушы мен оның қорғаушысы, прокурор алқабилер құрамындағы кез-келген мүшесіне қарсылық білдіре алады. Айыпталушы бес алқабиге ал, прокурор төрт алқабиге қарсылық білдіруге құқылы.

Сот талқылауы аяқталғаннан кейін сот алқабилермен бірге кеңесу бөлмесіне кетеді. Онда әр судья мен қазылар алқасы мүшелері жазбаша бюллетень толтыру арқылы дербес дауыс береді. Дауыстарды санау аяқталғаннан кейін барлық бюллетендер өртеу арқылы жойылады. [6, 358 бап] 2000 жылға дейін Францияда алқабилер соты шығарған үкімдерге наразылық білдіруге немесе апелляциялық шағым берілуге жатпады, тек апелляциялық тәртіппен және содан кейін

алқабилер заңға байланысты қателіктер жіберген жағдайда ғана жүргізіліп келді.

2001 жылдың 1 қаңтарында күшіне енген 2000 жылғы 15 маусымдағы заң бойынша сотталушыға үш судья мен тоғыз алқабилері шығарған үкіммен келіспеген жағдайда апелляциялық шағым беру құқығы берілді. Шағым он екі алқабиден және үш кәсіби судьядан тұратын жоғары сатыдағы сотқа беріледі. [7, 41 б.]

Континенталды модельді модификациялау жолымен құрған қазақстандық қазылар алқасы дегеніміз не?

Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабының 2-тармағында қылмыстық іс жүргізу заңда көзделген жағдайларда алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады деп көрсетілген «Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады.» [8]

Демек, алқабилердің қатысуы қылмыстық істер сотта қаралып жатқан кезде ғана орын алуы мүмкін ал, сот талқылауы алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылатын қылмыстардың тізбесі қылмыстық іс-жүргізу заңнамасында айқындалады. [9, 14- бөлім].

Қазіргі Қазақстанда алқабилер жалпы құқықтық жүйемізге, соттың әділ өтуіне халықтың сенімін арттыруға орасан зор әлеуеті бар.

Халықаралық рейтингтерге сәйкес, Қазақстанда сот төрелігінің деңгейі әр түрлі бағаланады. Бір жағынан, азаматтық сот ісін жүргізудегі коммерциялық дауларды шешудің тиімділігі тұрғысынан Қазақстан әлемде жетекші орынға ие. Дүниежүзілік банктің белгілі бір елде бизнесті жүргізу жеңілдігін бағалауға бағытталған «Doing Business» зерттеуінде Қазақстан 2019 жылы «келісім шарттардың орындалуы» бойынша әлемнің үздік 5 еліне кірді (4 орын), Францияны (12 орын), АҚШ-та (16 орын), Германияны (26 орын), Японияны (52 орын) басып озды. [10]

2019 жылы Заңның үстемдігі индексында Қазақстан 126 елдің ішінде 65-орынға ие болды. [11]

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының

ғылыми қызметкері, SABAR.azia Аналитика мектебінің мүшесі С. Ахметжановтің пікірінше, алқабилер соты Қазақстанның сот жүйесінде толық қанды емес, әлі де әлсіз рөл атқарады және көбінесе декларативты және осы жағдайдың себептерін ашып көрсеткен. Қазақстанда қазылар алқасының аралас моделінің қолданылуы, алқабилердің өте сирек қолданылуы, алқабилердің іс жүзінде ақтау үкімдерінің басым көпшілігі жоғары сатыларда жоққа шығарылуы. Автор Бас прокуратураның мәліметтерін келтіреді: «2012-2015 жж. алқабилер шығарған ақтау үкімдерінің жартысына жуығы апелляциялық және кассациялық сатылардағы сот алқаларының күшімен жойылды». [12]

Қылмыстық іс жүргізу кодексіне алқабилер сотының Қазақстанда енгізілуіне қатысты түзетулер 2001 жылы қабылданған. Осы кезден бастап алқабилер сотының форматына қатысты кең пікірталас болды. Адвокаттар, заңгер ғалымдар халықаралық ҰЕҚ өкілдері, бір қатар мәжіліс депутаттары қазылар алқасының классикалық американдық моделін қорғады, оған сәйкес үкімдерді алқабилер шешеді, ал судья тек үкімді анықтайды. [13, 122 б.; 14]

Судьялар мен прокурорлардың көпшілігі Франция мен Германияның үлгісімен соттың аралас моделін қолдануды ұсынды мұнда «кінәлі» деп тану және жаза бойынша шешімдерді алқабилер судьялармен бірге қабылданды. [15] Парламент депутаттары дәл осы модельді 2006 жылы мақұлдады. 2007 жылдың қаңтарынан бастап қазылар алқасы іс жүзінде қолданыла бастады. Бастапқыда құрамыда тоғыз алқабилер мен екі төрешілер болды [16]

2010 жылы құрамда өзгерістер болды, яғни төрешілер саны бір адамға дейін қысқарды, ал қазылар алқасы бір адамға артты. Қазіргі кезде қылмыстық істерді 1 судья және 10 алқабилер қарайды (алқабилерді таңдағанда 12 мүше сайланады, екі адамға орық, негізгі құрамнан біреулер шыққан жағдайда істі қарауға солар қатысады).

Алқабилер сот отырысы залында не болып жатқанын тындап, төрағалық етуші судья арқылы процеске қатысушыларға сұрақтар қоя алады алдағы уақытта кеңесу бөлмесінде негізгі үш. Алқабилер соты айыпталушының кінәсіне немесе кінәсіздігіне және егер ол кінәлі деп танылса, жаза тағайындауға қатысты мәселелерді қарастырады.

Алқабилер сотында қаралатын істерге назар аударайық. 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қылмыстық заңнамада өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған қылмыстар туралы істерді алқабилер қарайды.

Сотты әділ жүргізу - бұл халықтың сот жүйесіне сенімділігінің негізгі факторы. Қазақстанда қазіргі жағдайында алқабилердің халықтың құқықтық жүйеге ғана емес, жалпы үкіметке деген сенімін арттыруға орасан зор әлеуеті бар. Бұл әділқазылар алқасы қарапайым азаматтарға өзіне тен адамдарды соттауға және сотталуына мүмкіндік беретін-дігімен байланысты. Азаматтарға шешім қабылдауға мүмкіндік беру үкімет пен қоғам арасындағы байланысты жақсартады.

19 ғасырда өмір сүрген әйгілі француз саясаткері Алексис де Токвиль алқа билер сотын миниатюралық парламентпен салыстырған және бұл институттың адам санасына оң әсерін тигізеді деп санаған: «Қазылар алқасы әркімге өз ісіне жауапкершілікпен қарауды үйретеді, ал мұндай батыл ұстанымсыз саяси әдептілікті қалыптастыру мүмкін емес». [17, 212 б.] Қазақстандағы алқабилер сотының қызметін Қылмыстық қудалау жүйесінің замануи модернизациясына сай жетілдіру өзекті болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев инаугурация сөзінде әділ сот жүйесіні жетілдіру қажеттілігін ерекше атап өтті: «Сот заңдылықтың кепілі болып табылады. Сот әділеттіктің соңғы сатысына айналуы керек ... ». [18]

Қорытынды бөлім

Халықтың сотқа деген сенімін арттыру үшін кешенді шаралар қажет. Бұл

жерде алқабилердің сот практикасындағы айыптаушылықты азайтуға және сот процесін ізгілендіруге едәуір мүмкіндігі бар.

Қазақстанның сот жүйесіндегі алқабилер институтының тиімді жұмыс істеуі және рөлін күшейту үшін келесі шараларды жүзеге асыру қажет:

- алқабилер сотының аралас моделінен классикалық түріне көшу, алқабилер сотталушының кінәсін анықтайды, судья заңға сай жазаны анықтайды;
- Қазақстандағы алқабилер институтының қолдану мүмкіндігін кеңейту мақсатында юрисдикциясын барлық аса ауыр қылмыстар санатына тарату;
- алқабилер үкімдерінің маңызды-лығын арттыру үшін алқабилердің ақтау үкімдерінің күшін жою тәртібін реттейтін заңдар мен ережелерді қайта қарау (нақты негіз болған жағдайда).

Литература

1. Кларк Л.Д. Большое жюри: использование политической власти и злоупотребление ею. Пер. с англ./Под ред. и со вступ. статьей Гришаева П.И. - М.: Юрид. лит., 1978.
2. Алкон С. Суд присяжных: Американская модель. Предупреждение преступности. Криминологический журнал. 2003, № 1.
3. Судопроизводство с участием присяжных заседателей и перспективы его введения в Республике Казахстан. Материалы круглого стола/Под общей редакцией канд. юрид. наук Д.И. Нурумова. - Алматы: 2005.
4. <http://www.legifrance.gouv.fr> (Code de procedure de Penal).
5. Решетников Ф.М. Правовые системы стран мира. Справочник. - М.: Юрид. лит. 1993.
6. УПК Франции. М.: Прогресс, 1967.
7. Дюмулэ М. Суд присяжных во Франции. Предупреждение преступности. Криминологический журнал. 2003, № 1.
8. Қазақстан Республикасының Конституциясы Астана 1995 жыл
9. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі <https://cabar.asia/ru/kazakhstan-pochemu-institut-suda-prisyazhnyh-ne-mozhet-zarabotat-na-polnuyu-moshh>
10. <https://russian.doingbusiness.org/ru/data/exploreconomies/kazakhstan>
11. <https://worldjusticeproject.org/our-work/research-and-data/wjp-rule-law-index-2019>
12. <https://cabar.asia/ru/kazakhstan-pochemu-institut-suda-prisyazhnyh-ne-mozhet-zarabotat-na-polnuyu-moshh>
13. Когамов М.Ч. «Актуальные вопросы уголовного процесса Казахстана: о суде присяжных и санкционировании ареста судом, проблемы возбуждения, дополнительного расследования, прекращения уголовного дела по нереабилитирующим мотивам». Под ред. А.В. Смирнова. СПб.- 2005 г.
14. Ахпанов А.Н. Не «присяжные», но – «присягнувшие». Казахстанская правда. 2005 г. 15 февраля)
15. Дембаев Б. «Это суд с участием народа» Новая Газета. 2006 г. 9 июня.
16. Қазақстан Республикасының Заңы «Алқабилер туралы» <https://almaty.sud.kz/kaz/content/kazakhstan-respublikasynyn-zany-alkabiler-turaly-0>
17. Токвиль А. Демократия в Америке. М., 2000.
18. https://forbes.kz/process/tokaev_oboznachil_svoi_prioritety_na_postu_prezidenta/

References

1. Clark L.D. Grand Jury: the use of political power and its abuse. Trans. from eng./Ed. and with the intro. article by Grishaeva P.I. - M.: Jurid. lit., 1978.
2. Alcon S. Jury trial: An American model. Crime prevention. Criminological journal. 2003, № 1.
3. Judicial proceedings with the participation of jurors and prospects for its introduction in the Republic of Kazakhstan. Materials of the round table/Under the general editorship of cand. jurid. of Sciences D.I. Nurumova. - Almaty: 2005. 4. <http://www.legifrance.gouv.fr> (Code de procedure de Penal).
5. Reshetnikov F.M. Legal systems of the countries of the world. Handbook. - M.: Jurid. lit. 1993.
6. The Criminal Procedure Code of France. M.: Progress, 1967.
7. Dumoulet M. Trial by jury in France. Crime prevention. Criminological journal. 2003, № 1.
8. Constitution of the Republic of Kazakhstan Astana 1995
9. Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan <https://cabar.asia/ru/kazakhstan-pochemu-institut-suda-prisyazhnyh-ne-mozhet-zarabotat-na-polnuyu-moshh>
10. <https://russian.doingbusiness.org/ru/data/exploreconomies/kazakhstan>
11. <https://worldjusticeproject.org/our-work/research-and-data/wjp-rule-law-index-2019>
12. <https://cabar.asia/ru/kazakhstan-pochemu-institut-suda-prisyazhnyh-ne-mozhet-zarabotat-na-polnuyu-moshh>
13. Kogamov M.Ch. "Topical issues of the criminal process of Kazakhstan: on the trial by jury and the authorization of arrest by the court, the problems of initiation, additional investigation, termination of a criminal case for non-rehabilitating reasons." Edited by A.V. Smirnov. SPb.- 2005
14. Akhpanov A.N. Not "sworn", but "sworn". Kazakhstanskaya pravda. 2005 February
- 15) Dembayev B. "This is a court with the participation of the people" Novaya Gazeta. 2006, June 9
16. the law of the Republic of Kazakhstan "on jurors" <https://almaty.sud.kz/kaz/content/kazakhstan-respublikasynyn-zany-alkabiler-turaly-0>
17. Tokville A. Democracy in America. Moscow, 2000.
18. https://forbes.kz/process/tokaev_oboznachil_svoi_prioritety_na_postu_prezidenta/

Майшекина Эльдана Советовна

Лауазымы: PhD доктор, мемлекеттік құқықтық пәндер кафедрасы меңгерушісі

Почталық мекен-жайы:071400,Қазақстан Республикасы, Семей қ., Абая көшесі, 94

Ұялы тел: 87757591715

Майшекина Эльдана Советовна

Должность: PhD доктор, заведующая кафедрой государственно-правовых дисциплин

Почтовый адрес: 071400 Республика Казахстан г. Семей, ул. Абая,94

Сот. тел:87757591715

Maishekina Eldana Sovetovna

Position: PhD doctor, head of the Department of State and legal disciplines

Mailing address:: 071400 Republic of Kazakhstan, Semey city, Abay street,94

Mobile phone:: 87757591715

Толысбаева Алия Дүйсенқызы

Лауазымы: PhD докторы, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Пошта мекен-жайы: 071400,Қазақстан Республикасы, Семей қ Шакарима 15-127

Ұялы тел: 87057131370

Толысбаева Алия Дюсеновна

Должность: доктор Государственный университет им. Шакарима г. Семей

Почтовый адрес: индекс 071400,Республика Казахстан, г. Семей, ул. Шакарима 15-127

Сот. тел: 87057131370

Tolysbaeva Aliya Dyusenovna

Position: doctor PhD ,Shakarim State University of Semey

Mailing address: 071400,Republic of Kazakhstan, Semey, st. Shakarima 15-127

Cells. ph: 87057131370